

**Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және  
олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның  
көшпелі отырысының  
ХАТТАМАСЫ  
№1**

Құлан ауылы

2025 жылғы 13 қаңтар,  
сағат 15 00, аудан әкімдігінің  
үлкен мәжіліс залы

**Төрағалық етуші:** Қ.Исмаил - аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы.

**Комиссия хатшысы:** А.Сәрсеханұлы - ауданы әкімі аппаратының бас инспекторы – комиссия хатшысы.

**Қатысқандар:** тізім бойынша (қоса тіркеледі).

**Күн тәртібі:**

1. Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық әрекеттердің алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлары туралы;

2. Комиссияның құзыретіне кіретін әр түрлі мәселелер.

---

(Қ Исмаил, С.Айтбаев, Ш Шонатаева, А Қадырова, Ш.Дайрабаева)

1. Баяндамашылар мен хабарламашылардың баяндамалары мен хабарламалары, мәлімдемелері назарға алынсын.

2. Аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), Ақтоған орта мектебінің директоры (С.Айтбаев, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:

2.1. Ақтоған орта мектебінің оқушылары С.Т мен Х.Р.Т және Ж.М-ның (5 сынып оқушылары) арасында құқық бұзушылық әрекеттерінің орын алуына жол бергені (мектеп директоры, т.б), қолында ақпараты бар тараптардан тиісті құзырлы органдарға мәселенің уақтылы хабарланбағаны, алгоритмге сәйкес іс-әрекеттердің (қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жедел жәрдем қызметін уақытылы шақырылмағаны) дер кезінде іске асырылмағандығын назарға алып, кемшілікке жол берген тұлғалардың жауапкершілігі қолданыстағы заңнамалардың шеңберінде зерделеніп қаралсын, қатаң шаралар қабылдансын. Нәтижесі бойынша комиссия хатшылығына ресми түрде хабарлансын.

Алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеудің нақты қадамдары айқындалып, қатаң бақылауға алынсын.

**Орындау мерзімі:** 14.01.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.

2.2. Мектеп әкімшілігі тарапынан аталған оқушылардың заңды өкілдері ата-аналарымен сұқбаттасып, түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Мектеп оқушылары арасында өзара сенімді, достықты, сыйластықты қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қабылдасын.

*Орындау мерзімі: 17.01.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.*

2.3. Ақтоған орта мектебінің 8 «В» сынып оқушысы А.М-ның (01.11.2010 ж.т.) құқық бұзушылық әрекетін жасағанын назарға алып, заңды өкілінен бөлек әжесі Б.Р.А-мен бірге тұратын ескеріп, заңды өкілі Г.И.М-ның қолына қайтару бойынша комиссияға ұсыныс енгізісін.

*Орындау мерзімі: 17.01.2025 жылға дейін ұсыныс енгізу.*

2.4. Ақтоған шағын орталықты орта мектебі директорының тәрбие, құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілері, мектептің әлеуметтік педагогі, психологі оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу бойынша арнайы сапалы жоспар құрып, оның нәтижелі іске асырылуын қамтамасыз етсін.

*Орындау мерзімі: 21.01.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау.*

2.5. Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің әкімшілігі тарапынан оқушылардың психикасына кері әсер ететін фактілерге жол бермеу (өлімжеттікке, суицидке, зорлық-зомбылыққа, қорлауға т.б.) мақсатында ата-аналардың бала тәрбиесі жөніндегі міндеттері туралы нормативтік құқықтық актілер, заңнамалар бойынша түсіндіру жұмыстарын сапалы жүргізісін.

*Орындау мерзімі: 21.01.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты.*

2.6. Құлан мектеп-гимназиясының, Ә.Бөкейханов атындағы орта мектебінің тәрбие бағытындағы жұмыстардың әлсіздігі, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралардың нәтижесіздігі аталып өтілсін. Алдағы уақытта кемшіліктерге жол берілген жағдайда тиісті басшылар мен жауапты қызметкерлерінің жауапкершілігі қаралатындығы ескертілсін.

*Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.*

2.7. Құлан ауылындағы «Ямми» дүкені жанында мектеп оқушыларымен орын алған құқық бұзушылық әрекеттеріне байланысты және тәрбие бағытындағы жұмыстардың төмендігі және құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шаралардың өз деңгейінде жүргізілмегенін назарға алып, №1 мектеп лицейінің директорына қатысты заң аясында тәртіптік жауапкершілігі қаралсын. Нәтижесі бойынша комиссия хатшылығына ресми түрде хабарлансын.

*Орындау мерзімі: 17.01.2025 жылға дейін.*

2.8. Сынып, топ жетекшілері оқушыларды күнделікті (сабаққа тұрақты келуін, киім үлгісін, жеке бас гигиенасын және т.б.) қадағалап, жасөспірімдердің жағдайы бойынша алаңдаушылық байқаған жағдайда тиісті басшылыққа уақтылы жедел мәлімдеме түсіріп отырсын.

*Орындалу мерзімі: тұрақты бақылау, жыл сайын.*

3. Аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), Құлан агротехникалық жоғары колледжінің директоры (О.Мұсақұлов, келісімі бойынша), барлық білім беру ұйымдары (келісімдері бойынша), заң талаптарына сәйкес:

3.1. Білім беру ұйымдарында оқушылар мен студенттердің бір-бірін кемсіту (тұрмыстық жағдайына, физиономиялық ерекшеліктеріне, денсаулық жағдайындағы ерекшеліктеріне, ұлтына, нәсіліне және т.б. жағдайларға байланысты) жағдайларының алдын алуға бағытталған тәрбие жұмыстарын күшейтіп, оқиганың орын алғандығы байқалған жағдайда дер кезінде тиісті адрестік жұмыстарды сапалы, уақтылы, нәтижелі жүргізсін.

*Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.*

3.2. Білім беру ұйымдары құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтап, заңды өкілдерінің келісімін алып, құқық бұзушылық әрекеттердің алдын алу бағытында Тараз қаласында орналасқан «Балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы мектептің» (спец школа) жұмысымен таныстыру бойынша шараны ұйымдастырсын.

*Орындау мерзімі: 17.01.2025 жылға дейін.*

3.3. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мәдени, спорттық, т.б. үйірмелерге тарту бағытында жұмыстарды жандандырсын. Үйірмелерге қатысатын балалардың талдауы жасасын.

*Орындау мерзімі: тұрақты бақылау.*

4. Аудандық Білім бөлімінің басшысы (М.Сванов, келісімі бойынша, жинақтау), барлық білім беру ұйымдары (келісімдері бойынша), аудандық Полиция бөлімінің бастығы (Қ.Беріков, келісімі бойынша), заң талаптарына сәйкес:



4.1. Білім беру ұйымдары ата-аналар жиналысына оқушылардың заңды өкілдерін шақыру барысында мектеп әкімшілігі мен заңды өкілі арасында қатынасты құжат жүзінде заң шеңберінде рәсімдей отырып (хабарлама беру немесе т.б.) қатысуын қамтамасыз етіп отырсын. Ата-аналар жиналысына қатыспайтын, білім беру ұйымымен кері байланысқа шықпайтын ата-аналарды анықтап, Полиция бөлімімен бірлесе заң шеңберінде тиісті шараларды қабылдасын.

*Орындау мерзімі: 23.01.2025 жылға дейін, әрі қарай тұрақты бақылау, ай сайын мәлімет ұсыну.*

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау «Аудан әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия» хатшысы А.Сәрсеханұлына жүктелсін.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

Қ.Исмаил

А.Сәрсеханұлы